

АЙМАҚ АҚШАМЫ

№9 (122) ЖҰМА

14 наурыз 2025

САЯСИ-ҚОҒАМДЫҚ, ТАНЫМДЫҚ-САРАПТАМАЛЫҚ, АҚПАРАТТЫҚ-ЖАРНАМАЛЫҚ ГАЗЕТ



ТАСҚЫНҒА ТОСҚЫН ТАБЫЛСЫН

«Ауызы күйген үрлеп ішеді» демекші, өткен жылғы су тасқыны билікке де, бұқараға да ащы сабақ болды. Биыл Үкімет тасқынға жол бермеудің бар мүмкіндіктерін күнілгері қарастырып жатыр. ҚР Премьер-министрдің орынбасары Қанат Бозымбаевтың Ұлытау облысына сапары қауіптің алдын алу шараларының қаншалықты деңгейде жүргізіліп жатқанын көзімен көріп, тиісті тапсырмалар беруге арналды.



Облыстағы 27 елді мекен су басу қауіпі жоғары аумаққа жатады. Мұнда екі мыңнан аса адам тұрады.

Қ.Бозымбаев облыс әкімі Д.Рыспеков екеуі өңірдегі бөгеттер мен су қоймаларын, ірі өзендердің бойын аралап көрді. Сапар соңында Қанат Алдабергеноұлы облыстың 5-6 ауылында қауіптің тым жоғары екені байқалғанын айтып, сол ауылдарды қатаң бақылауға алу туралы тапсырды. «Әрбір ауыл тасқынға сақадай сай тұру кере. Техника, адам күші

және т.б. қажеттіліктің бәрі де талапқа сай қамтамасыз етілсін» деді ол.

Әрине, «Құдай сақтанғанды сақтайды» дейді. Сондықтан, алдын ала сақтық шараларын өз деңгейінде жүргізудің маңыздылығын ешкім де жоққа шығармайды. Республика басшылары бірінің өлкемізге сапары «Тасқынға тосқын болып табылсын» деп тілейік.

Абдолла ДАСТАНОВ.

БУРАБАЙ БАУРАЙЫНДАҒЫ ҚҰРЫЛТАЙ

Биыл төртінші мәрте шақырылған Ұлттық Құрылтай Абылайдың ақ алаңы, Кенесарының үңгірі, Сәкеннің сексен көлімен әйгілі өңір, тұнып тұрған бай тарихы бар Бурабайдың баурайында 13-14 наурыз күндері болып өтті.

Ел Президенті жиналғандарды Амал күнімен құттықтап, қыстан аман –есен шыққан елдің ағайын –туыспен Көрісуі ежелден келе жатқан ата дәстүр екенін, Амал күні – өз Наурыздың бастауы, еліміздің төл мерекесінің Ораза айына орайлас келгеніне тоқталды.

«Қастерлі мейрамдарымыз халқы-

мызды игі амалдар жасауға үндейді. Асыл қасиеттерімізді кеңінен дәріптейді. Құрылтайдың Ұлық мерекелермен қатар өтіп жатқаны - жақсылықтың нышаны» деген Президент еліміздің әртүрлі саласына қатысты шешуін күтіп тұрған толғақты мәселелер туралы кеңінен қамтыған сөз сөйледі.



НАУРЫЗДЫҢ БАСТАУЫ – АМАЛ КҮНІ

Жезқазғанның орталық алаңы мереке құшағында. Амал күнінің той думаны күмбірлеген күймен басталды. «Ақжелең» композициясын халықаралық «Шабит» фестивалінің лауреаты «Алтын Орда» фольклорлық ансамблі орындап, көрермендерді тамсандырды.

Мерекені ұлытаулықтармен бірге облыс басшылары Дастан Рыспеков, Бауыржан Шыңғысов қарсы алды.

Т.Қалмағамбетов атындағы облыстық филормония, С.Қожамқұлов атындағы музыкалы-драма театры, «Жезқазған маржандары» ардагерлер хоры, Тайжан Калмағанбетов атындағы филармонияның бірнеше танымал әншілері, «Самира» би ансамблі, «Жастар» хоры, «Ақ әжелер»

ансамблі, басқа да әуесқой және кәсіби әртістер өнерлерімен көпшілікті қуантты. Екі сағатқа созылған мерекелік бағдарлама халыққа тамаша көңіл-күй сыйлады. Әсіресе, ұлттық ойын асық ойнаған балалар риза болып қалды.

Respublica партиясының Ұлытау облыстық филиалы да мерекенің жоғары деңгейде өтуіне өз үлестерін қосты.

Света КЕМЕЛҚЫЗЫ.



► СӘТБАЕВ ҚАЛАСЫ ӘКІМДІГІНДЕ

ЖҰМЫСШЫ МАМАНДЫҚТАР ЖЫЛЫ: ЖАҢА ЖОБАЛАР ІСКЕ АСУЫ ТИІС

Тұрақты жұмыс орындарына бүгінгі күнге 194 адам тұрақты жұмыспен, уақытша жұмыс орындарына - 156 адам жіберілген. Бұл туралы кеңейтілген аппарат жиынында мансап орталығының директоры А. Ағеділова баяндады.

Еңбек нарығының қажеттіліктерін ескере отырып, жұмыс берушілердің өтінімдері негізінде қысқа мерзімді кәсіптік оқуға 29 адам жіберілген. Сонымен қатар, «Skills.enbek.kz» платформасында онлайн оқытумен – 141 адам оқып, сертификаттарын алған. Бүгінгі күнге 632 жұмыссыз тіркелген. Олардың 342-і мемлекеттен субсидияланатын уақытша жұмыс орындарында жұмыс істеуде. Сондай-ақ 218 адам жұмысынан айырылу жағдайы бойынша әлеуметтік төлем алушы және 72 адам жұмыс іздеуші және әлеуметтік көмекке құжаттарын өткізіп күтіп отырған адамдар болып табылады.

Қала әкімі Мұрат Бөрібаев жұмысшы мамандықтар жылында жаңа жобалар іске асу қажеттігін



атап көрсетті. Жұмыссыз азаматтарды кәсіп игеруге тарту, соның жолдарын түсіндіру, көмектесу бағытындағы жұмыстардың қанағаттанғысыз жағдайда екеніне назар аударып, бұл мәселені жан-

дандыруды тапсырды.

Аппарат жиынында басқа да мәселелер қаралды.

Қала әкімінің баспасөз қызметі.

ТАҒАЙЫНДАУ



Ерлан Серікұлы ОРМАНОВ Сәтбаев қаласы әкімінің орынбасары болып тағайындалды.

Ерлан Серікұлы 1988 жылы дүниеге келген. 2006 жыл - Талдықорған заң колледжін,

2017 жыл - Қазтұтынуодағы Қарағанды экономикалық университетін бітірген.

Мамандығы: Құқықтану, Құқықтану: Экономика саласындағы құқықтық реттеу.

Еңбек жолын 2013 жылы Жаңаарқа ауданы Ақтүбек ауылдық округі әкімі аппаратының жетекші маманы болып бастаған. 2018 - 2023 жылдары Жаңаарқа ауданы Ақтүбек ауылдық округінің әкімі. 2023 - 2024 жылдары Ұлытау облысы Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының «Жаңаарқа орман және жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі шаруашылық» КММ басшысы қызметін атқарды.

Тағайындауға дейін Сәтбаев қаласының кәсіпкерлік және ауылшаруашылығы бөлімінің басшысы қызметін атқарды.



Рүстем Серікұлы НЫСАНБАЕВ Ұлытау облысы денсаулық сақтау басқармасы басшысының 26.02.2025 жылғы № 24 – жқ бұйрығымен «Сәтбаев қаласының ауруханасы» ШЖҚ КМК директоры болып тағайындалды.

Р. С. Нысамбаев 27.12.1984 жылы Қарағанды облысының Жезқазған қаласында дүниеге келген.

2007 жылы Қарағанды мемлекеттік медицина академиясының «Емдеу ісі» факультетін, 2008 жылы жалпы практика дәрігері мамандығы бойынша интернатураны бітірген. Травматология, ортопедия бойынша (жоғары санатты) мамандандырудан, «Денсаулық сақтау менеджменті (жоғары санатты)», «Қоғамдық денсаулық сақтау (жоғары санатты)» курстарында қайта даярлықтан өткен. «МВА магистрі» ғылыми дәрежесі бар (Чехия, Прага – 2020).

2008 - 2013 ж. ж. «Қазақмыс «корпорациясы» ЖШС Сәтбаев қаласы медициналық-санитарлық бөлімі, травматолог - ортопед дәрігер.

2013 - 2016 жж. «Жезқазған қаласының медициналық орталығы» ЖШС, травматолог-ортопед дәрігер.

2016 – 03.2025 ж. ж. «Жезқазған қаласының Облыстық көпсалалы ауруханасы» ШЖҚ КМК полтравма бөлімшесінің меңгерушісі, хирургиялық қызметінің басшысы, Ұлытау облысының штаттан тыс бас травматологы болды.

КАК СОЗДАТЬ ОБЪЕДИНЕНИЕ СОБСТВЕННИКОВ ИМУЩЕСТВА?

ОРГАНИЗАЦИЯ СОБРАНИЯ

Для создания ОСИ необходимо провести собрание собственников, в котором участвуют не менее 10% владельцев недвижимости. Собрание инициирует приглашение жилищной инспекции.

О предстоящем собрании необходимо уведомить собственников не менее чем за 10 дней. На собрании избирается председатель ОСИ.

ГОСУДАРСТВЕННАЯ РЕГИСТРАЦИЯ

После собрания необходимо передать перечень документов для государственной регистрации в ЦОН.

По результатам регистрации выдается соответствующая справка.

ПРЕИМУЩЕСТВА ОСИ

В состав ОСИ входят только жители многоквартирных домов – посторонние исключены.

Председатель ОСИ и совет дома избираются исключительно из числа собственников квартир и нежилых помещений.

Открываются текущие и сберегательные счета в ОСИ.



Расходование денежных средств контролируется председателем ОСИ и советом дома.

Договор с сервисной компанией заключается председателем ОСИ сроком на один год.

Председатель ОСИ ежемесячно отчитывается перед жителями о проделанной работе.

Акунат 2. Сатпаев

СЕНІМ ТЕЛЕФОНЫ

«Сәтбаев қалалық мәслихатының аппараты» мемлекеттік мекемесінде 3-45-23 сенім телефоны жұмыс істейді. Осы телефон арқылы қала тұрғындары аталған мекеме қызметкерлерінің мемлекеттік қызметшілердің арнамыс кодексінің, мемлекеттік қызмет және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы заң нормаларын бұзғандығы туралы фактілерді хабарлауларына болады.

Жұмыс уақыты 9:00 – 18:30-ға дейін.

Email: maslihat.satpaev.maslihat@mail.ru

ТЕЛЕФОН ДОВЕРИЯ

ГУ «Аппарат Сатпаевского городского маслихата» сообщает, что в аппарате маслихата работает телефон доверия 3-45-23 с режимом работы с 9:00 до 18:30 часов, по которому жители города могут сообщить о фактах нарушения сотрудниками данного учреждения норм Кодекса чести государственных служащих, законодательства о государственной службе и борьбе с коррупцией.

Email: maslihat.satpaev.maslihat@mail.ru



ЖҰМЫСШЫ
МАМАНДЫҚТАР
ЖЫЛЫ

АСТАНАДА ӨТКЕН ЖАСТАР ФОРУМЫ

Ел жүрегі Астана қаласында Жұмысшы мамандықтар жылына және Қазақстан халқы Ассамблеясының 30 жылдығына орай «Адал адам – адал еңбек» жастар форумы болып өтті. Форум жұмысына біздің қаладан Қазақстанның Еңбек Ері, Ұлытау облысының және Сәтбаев қаласының Құрметті азаматы, кенші Тұрсынбек Мақышев қатысты.



Форум еңбек адамына құрмет көрсету және түрлі салалардағы беделді мамандармен мотивациялық кездесулер өткізу арқылы еңбекті қастерлеу қағидаттарын насихаттау мақсатында ұйымдастырылды. Мемлекет басшысы жариялаған Жұмысшы мамандықтар жылы аясында еңбекті құрметтеу қағидаттарын насихаттап, сондай-ақ жастарды нақты салаларда өзін-өзі жүзеге асыруға ынталандыру тұрғысында ой-пікірлер, ұсыныстар ортаға салынды. Жұмысшы мамандықтарын даярлаумен айналысатын колледждердің материалдық-техникалық базаын нығайту, оқушылардың шәкіртақасын көбейту керектігіне баса назар аударылды. Бұл бағытта қолға алынып жатқан шаралар да аз емес, дегенмен, соны одан әрі жетілдіре түсудің де қажеттілігі сезіледі.

Форум барысында «Еңбек Ері – ұрпақтар сабақтастығы» және «Еңбек адамы – табысты тұлғаның үлгісі» атты екі панельдік секция жұмыс істеді. Біз Екібастұздан

келген әріптесім, «Восточный» карьерінің механигі, Қазақстанның Еңбек Ері Рышат Әміренов екеуіміз жастармен кездестік. Оларға өз өміржолымызды айттық. Жастар тарапынан қойылған сан алуан сұрақтарға жауап қайтардық. Бір сөзбен айтқанда, жастар мен біздің арамызда ашық пікір алмасу болды. Маған ұнағаны жастарымыздың ой еркіндігі, өздерін салмақты ұстай білуі. Олар ертеңгі – жұмыскерлер, әртүрлі кәсіп иелері. Өздерінің жасаған таңдауларына өкінбейтіндері сенімді. Маған бұл да ұнады. Өйткені, өзін таңдаған мамандықты шын сүйе білсең ғана, ісің нәтижелі, еңбегің берекелі болады – дейді Тұрсынбек Шамбұлұлы. Ол сондай-ақ, жұмысшы мамандықтарына деген көзқарас тек биылғы жылмен шектеліп қалмау керек деп те санайды. «Өйткені, жыл сайын жаңа толқын келіп жатады. Ал, олардың жағдай әрқашан назарда болуға тиі» - дейді Еңбек Ері. Шынында да, өте орынды сөз.

Абдолла НҰРТАУҰЛЫ

ВНИМАНИЕ!!!

УВАЖАЕМЫЕ ЖИТЕЛИ ОБЛАСТИ ҰЛЫТАУ!

Сообщаем о начале набора на проведение лучевой терапии (томотерапии) для пациентов с подтвержденным онкологическим заболеванием в рамках ГОБМП.

Заведующий отделением радиационной онкологии Междунородного онкологического центра томотерапии «УМІТ» (г.Астана, врач - радиационный онколог, БЕРИКБОЛ ДАУЛЕТ КУАТБЕКОВИЧ проведет прием в городе Жезказгана.

Дата и время приема: 17 и 18 марта 2025 года, с 9.00 до 17.00 часов в порядке живой очереди.

Место приема: ул.Иманжана, 11, Областная многопрофильная больница г.Жезказгана, 7 этаж, кабинет онколога.

ПРИЕМ ДЛЯ ВСЕХ БЕСПЛАТНЫЙ, ЖДЕМ ВАС!

Для получения дополнительной информации просим обращаться по тел.: +7 777 201 44 44

МЕМЛЕКЕТ ҚЫЗМЕТІ

АУЫЛДЫҚ ОКРУГ ӘКІМДЕРІМЕН СЕМИНАР-КЕҢЕС ӨТКІЗІЛДІ

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Ұлытау облысы бойынша департаменті ауылдық округ әкімдерімен Заңнама талаптарын түсіндіру бойынша семинар-кеңес өткізді.

Семинар барысында мемлекеттік қызметшілердің Әдеп кодексі нормаларын ұстану;

- мемлекеттік көрсетілетін қызметтер оның ішінде жерге құқық беру кезінде заңнама талаптарын басшылыққа алу;

- сондай-ақ Қазақстан Республикасы Президентінің Үкіметтің кеңейтілген отырысында берілген тапсырмасына сәйкес ағымдағы жылдың 17 ақпанынан бастап ауылдық округ әкімдерін арнайы оқытудан өткізу мәселесі зерделеніп, жұмыс қадамдары нақтыланды.

Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы № 156 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің облыстардағы, республикалық маңызы бар қалалардағы, астанадағы әдеп жөніндегі кеңестері туралы ереженің 6-тармағының 7) тармақшасына және Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы № 152 Жарлығымен бекітілген Мемлекеттік әкімшілік қызметшілердің тәртіптік жауаптылығы туралығы қағиданың 25-тармағына сәйкес қызметтік әдеп нормаларын бұзуға жол берген, оның ішінде мемлекеттік қызметке кір келтіретін тәртіптік теріс қылықтар жасаған С-О-1, С-О-2, С-Р-1, С-Р-2, D-1, D-2, D-О-1, D-О-2, D-Р-1, D-Р-2, E-1, E-2, E-Р-1, E-Р-2 санаттарындағы мемлекеттік әкімшілік қызметшілердің, сондай-ақ облыстар, республикалық маңызы бар қалалар, астана әкімдерінің аппараттарында дербес лауазымдағы әдеп жөніндегі уәкілдердің тәртіптік жауаптылығын мемлекеттік қызмет істері жөніндегі уәкілетті органның облыстардағы, республикалық маңызы бар қалалардағы, астанадағы әдеп жөніндегі кеңестері (бұдан әрі – Әдеп жөніндегі кеңес) қарайды.

Аталған санаттарға ауылдық, селолық округ әкімдері де жататынын назарларыңызға жеткіземіз.

Бұл ретте, аталған лауазымды тұлғалардың қызметтік әдеп нормаларын бұзуға жол берген, сондай-ақ, мемлекеттік қызметке кір келтіретін тәртіптік теріс қылықтары бойынша тәртіптік істері Ұлытау облысындағы Әдеп жөніндегі кеңесте қаралады.

Статистика бойынша 2023 жылы Әдеп жөніндегі кеңесте 9 тәртіптік іс қаралса, оның (6) Әдеп кодексінің нормаларын бұзғаны үшін қаралған болатын.

Оның ішінде 5 тәртіптік іс ауылдық округ әкімдеріне қатысты қаралды.

Атап айтқанда, қызметтік автокөлікті жол парағынсыз, жолда жүру ережесін бұза отырып және жұмыстан тыс уақытта қызметтік автокөлікті жеке мақсатта пайдаланғаны үшін Жаңаарқа ауданының 3 ауылдық округ әкімдерінің тәртіптік істері қаралып, кеңестің шешімі бойынша Әдеп кодексінің 6-тармағының 8) тармақшасын сақтамағаны үшін тәртіптік жауапкершілікке тартылды.

Қалған 2 тәртіптік іс Ұлытау ауданы бойынша ауылдық округ әкімдеріне қатысты қаралды.

Олар ауыл тұрғындармен болған кездесуде елдің алдында дәрекі сөйлеу фактісі



бойынша және мердігермен кездесу барысында мемлекеттік қызметші тарапынан қызметтік әдеп нормаларын сақтамағаны, оның ішінде дәрекі және нормативті емес сөздерді қолдануы бойынша Әдеп кодексінің 6-тармағының 4) және 5) тармақшаларын сақтамағаны үшін қызметтік тергеп-тексеру жүргізіліп, нәтижесінде Әдеп жөніндегі кеңесте қаралып тәртіптік жауапкершілікке тартылды.

Сонымен қатар, 2024 жылы Әдеп жөніндегі кеңесте қаралған тәртіптік істер саны – 7 құрады, яғни 2 тәртіптік іске азайды.

Аталған 7 тәртіптік істің (4) Әдеп кодексінің нормаларын сақтамағаны үшін қаралып, Әдеп жөніндегі кеңестің шешімі бойынша тиісті тәртіптік жазалар қолдану туралы ұсыныстар еңгізілді.

Оның ішінде 1 тәртіптік іс Жаңаарқа ауданы ауылдық округі әкіміне қатысты қаралды.

Аталған тәртіптік іс - жұмыстан тыс уақытта қызметтік автокөлікті нысаналы мақсатта пайдаланбау дерегі бойынша қаралды.

Жүргізілген қызметтік тергеп-тексерудің нәтижесінде ауылдық округ әкіміне Әдеп кодексінің 6-тармағының 4), 5) және 8) тармақшаларын сақтамағаны үшін тәртіптік жаза қолданылды.

Қазіргі мәселе, мемлекеттік қызметшілердің Әдеп кодексі нормаларын сақтамаудың салдарынан шағымдардың жиі түсуі, қызметтік автокөліктерді жұмыстан тыс уақытта қолдану және оны жеке мақсатта пайдалану дерегі бойынша құқық қорғау органдарынан түсетін ұсынулар негізінде тәртіптік істердің қозғалуы.

Бұл ретте, ауылдық округ әкімдерінің назарына Әдеп кодексі нормаларын және Мемлекеттік қызмет туралы заңның 50-бабында көзделген мемлекеттік қызметке кір келтіретін тәртіптік теріс қылықтарды бұзуға жол бермеу қажеттігі ұсынылады.

Роман КИМ,
Қазақстан Республикасы
Мемлекеттік қызмет істері
агенттігінің Ұлытау облысы бойынша
департаменті басшысы,
Әдеп жөніндегі кеңес төрағасы

► ОЙҚАЗАН

ЫСЫРАПҚА ЖОЛ БЕРМЕУ – ИМАНДЫЛЫҚ НЕГІЗІ

Казіргідей мамыражай заман баяғыда болмады ма?! «Болды» дейді тарихнама. «Қойүстінде боз торғай жұмыртқалаған», қазақтың кең даласында мыңғыраған малын айдап, қаннен қаперсіз өмір сүрген замандар да болған тарихымызда. Бірақ, тап қазіргідей аста та төк, ысырапшылық заман болған жоқ шығар. Өз басым солай ойлаймын. Нене?

Өйткені, бұрындары біздің аталарымыз «әр нәрсенің иесі, киесі бар» дейтін. Біздер сол аталарымыздың, әжелеріміздің «обал болады, жаман болады, ұят болады» деген сөздерін есітіп, сол арқылы тәрбиеленген ұрпақпыз. Ата-әжелеріміз біздерге дастархандағы тағамды шашып-төкпей, тауысып жеуді, ысырапқа жол бермеуді үйрететін. Қалған тамақтың өзін аяқ астына тастамай, ыдыстың жуындысын мал мен ит, құстарға беруі де өнеге еді. Мұның астарында үнемділікке, жанашырлыққа, бардың қадірін білуге тәрбиелеу жатқаны айтпаса да түсінікті. Ол кісілер мұндай әдеттер адамның жүрегін таза ұстауына, қайырымсыздықтан, тәкаппарлықтан сақтануына көмектеседі деп білген. Қазақтағы «қанағат», «қырыс», «береке» деген ұғымдардың шығу тегі де сол тәрбиеде жатыр. Ғаырлар бойғы тәжірибе әр нәрсені қадірлеп, күтіп ұстау, әдеппен ішіп-жеу дәулеттің одан әрі көбеюіне, ырысының артуына алып келетінін көрсетті. Отбасы тәрбиесі, таным мен тағылым, үлкендердің өнегесі мен үлгісі бекер емес. Қазақта: «Алты жастан жинасаң - аласың, жеті жастан жинасаң - жетесің» деген асыл сөз бар. «Салақ бала - сасқалақ, ұқыпты бала - басқарақ», деген мақал ұрпақты ұқыптылыққа үйретуді меңзейді. Абай хакім атамыз да адамның бойындағы бұл кемшілікті: «Адам болам десеңіз, Оған қайғы жесеңіз. Өсек, өтірік, мақтаншақ, еріншек, бекер мал шашпақ – Бес дұшпаның, білсеңіз...» – деп ысырапшылықтың анық дұшпан екенін айтты.

Қасиетті Құранда ысырапқа қатысты аяттар бізге Алланың нығметтеріне құрметпен қарауды, шектен шықпауды және орта жолды ұстануды насихаттайды. Сол аяттар әрбір ісіміздің мөлшермен, орнымен жасалу керектігін ескертіп, ысырап пен бекершіліктің адамға да, қоғамға да қауіпті екенін паш етеді. Мысалы «Исра» сүресінде: «Ысырап (тебзір) етпендер. Шынында, ысырап етушілер - шайтанның бауырлары» («Исра» сүресі, 26-аят) деп ескертеді. Бұл аяттағы сөздер терең мәнге ие. Ысырап ету – адамның шектен шығуы, нәпсінің құлы болуы. Ал шайтанның жолына түсу – Алланың бұйрықтарын елемей, Оның разылығынан алыстау деген сөз. «Ысырапшылық – Алла Тағала сүймейтін іс», – деген қанатты сөздерді ескерер болсақ, ысырапшылықтың зияны мен зардабының өте көп екендігіне көз жеткізуіміз керек. Анықтаңқырап айтқанда, орынсыз, пайдасыз, бекерге

«СУДЫҢ ДА СҰРАУЫ БАР» ДЕГЕН СӨЗДІҢ ТӨРКІНІ СОҢАУ АЛЫСТА ЖАТҚАНДАЙ КӨРІНГЕНМЕН, ОНЫҢ ҒАҚ ЕКЕНДІГІН МОЙЫНДАУЫМЫЗ КЕРЕК. КЕШЕГІНІҢ ҚАРИЯЛАРЫ НАННЫҢ ҚОҚЫМЫН АЛАҚАНЫНА САЛЫП ЖЕГЕНІН КӨРДІК. ОЛАР АШАРШЫЛЫҚТЫ, АШТАН ӨЛГЕН ЖАНДАРДЫ КӨЗДЕРІМЕН КӨРГЕНДЕР БОЛАТЫН. ҚАЗІРГІ ЗАМАНЫҢ АДАМЫ ОНДАЙ ЗҰЛМАТ БОЛҒАНЫН ТЕК КІТАПТАН ҒАНА ОҚЫП ӨСКЕНДЕР ҒОЙ.

жұмсалған барлық нәрсені «ысырап» деп түсінуге болады. Демек, Алланың берген нығметінен ішу, жеу, сонымен бірге, дәулеті артып жатса жағдайы жоқ кедей-көпшікке, жетім-жесірге көмектесу, артық қаржыны игілікті істермен орындарға жұмсау – зор сауапты іс деп түсінуіміз қажет. Үнемшілдік – шүкіршік белгісі. Үнемшіл адам Алланың берген нығметтерінің қадірін біледі және оған құрметпен қарап, оны босқа жұмсаудан тартынады. Жаратушының бергеніне қанағат қылып, тиімді жұмсау біреудің қолына телміруден құтқарады, ар-намысты сақтайды.

Дегенмен, соңғы бірнеше онжылдықта халқымыздың тұрмыс-тіршілігі юғрынғыдан анағұрлым жақсарғанын мойындауымыз керек. Елдің тұрмысы да көтерілді, азық-түлік түрлері де көбейді, дастархан молайды. Сонымен бірге, барды бағаламау, обал-сауапты ұмыту секілді теріс құбылыстардың пайда болғаны да жасырын емес. Өйткені, кейбір кезде молшылық, қонақжайлылық пен ысыраптың қай жерден басталатынын білмей, олардың шекарасын аңғара алмай қалатынымыз бар. Барды бар деу, әрине, керек. Бірақ, «сараң екен» деп айтпасын» деп қана шектен тыс қонақжайлылық таныту мақтанудың бір түрі әрі бұл да ысырапқа жол беру болып табылады. Біздің

қаржыны есептеңіз. Сонымен қатар, той-жиындарда дүйім жұрттан қалған қалдық астардың қоқыс жәшіктеріне тасталып жататындығын, шелек-шелек сорпаның далаға төгіліп жатқанын көріп жүрміз. Ал енді сол ас та төк дастарханнан артылып, қоқысқа тасталған астың обалы кімге?! Шынына келгенде, мұның барлығы да ысырапшылыққа жол беру деген сөз.

Осы орайда айта кетер бір мәселе, той мәдениетінің әлі де тиісті дәрежеге жеткізілмей отырғаны. Жұртшылықтың көңілінде жүрген үлкен мәселенің бірі жоғарыда айтқан тойдағы даңғазалық. Бұл жөнінде Жамбыл облысының әкімі Ербол Қарашөкеев біраз бастамалар көтерді. Біздің ойымызша, тойдың форматын көбіне бұзатын асабалардың бассыздығы. Олардың тойдан тойға көшкен жаттанды, жылтыр мағынасыз мылжың сөздері халықты жалықтырып-ақ жібереді. Асабалардың басым көпшілігі ауыздарына келгенді көкіді, «ойын ойнатамыз» деп, тойды көңілді қылғанын көргенсіздікке, әдепсіздікке салынады, үлкен отыр-ау, кіші отыр-ау демейді. Бір ғана мысал. Бүгінгі тойларда асаба: «Келін келе жатыр» деп елдің ата-әжелерінен сәлем сұрағандай орнындарынан тұрғызатын өрескел қылықтарына не дерсің? Олар күлдіремін деп, біраз дүниені бүлдіріп

мәселені реттеудің уақыты келген сияқты. Той мен құдайы асты ұлттық болмысымызға сай етіп, салт-санамызға негізделген имани дүниелерді көбірек насихаттаумен өткізуіміз қажет деп ойлаймын. Осы тұста бір мысал ретінде айтар болсақ, мына көрші өзбек елінде түрлі деңгейдегі той, жиын жасаушыға жергілікті басшылықтың, ардагерлер кеңесінің, т.б. орындардың қойған талап, ережелерінен аспау және артық шығындарға жол бермеу мәселелері ерекше ескеріледі екен. Бізде де тойлар мен жиындардағы, құдайы астардағы тамақ мәзірлеріне қатысты мәселелерді бір ретке келтіру керек-ақ. Осы мәселелер жан-жақты ескеріле келе қазақтың қаймағы бұзылмаған оңтүстік өңірінде ысырапшылыққа жол бермеу жайына қатысты жұртшылыққа арнайы үндеу жарияланып, ол жерлерде құдайы астарда, діни жиындарда, ұлттық рәсімдерде дастархан мәзіріне тиісті мөлшерде ғана қажеттіліктерді жұмсау мәселесі қарастырылып, қажетті мөлшердегі жеті түрлі ас мәзірі ұсынылды. Қазақта: «Жан қайғысы болған үйде мал қайғысы болмасын» деген сөз бар. Сондықтан да жоғарыда атап өткендей, әр нәрсені өзіндік нормалармен атқарған дұрыс.

Бұл жөнінде Ұлы Абай хакім: «Талап, еңбек, терең ой, қанағат, рахым ойлап қой – бес асыл іс көнсеңіз», – деп өсиет айтады. Осынау өсиеттерден ғибрат алсам деген әрбір жан адамдықтың ең асыл қасиеттерінің бірі – барға - қанағат, жоққа - шүкіршілік ету екендігіне терең мән беруі керек. Сонымен қатар, қазақта «ынсап» деген үлкен ұғым-түсінік бар. Біле білгенге ынсаптың мағынасы өте терең. Әрбір ізгілікті ойлаған, иманды адамның өмірлік мұратының, адамшылық қағидасының алтын арқауы осы ынсап деп білген жөн. Атам қазақ: «Ынсапсызда ұят болмайды» деп бекер айтпаған. Хакім Абай: «Ынсап, ұят, терең ой – Ақыл, зейнет, біліп қой» деп қайырған. Олай болса, адам бойындағы ең асыл қасиеттердің қатарында да осы ынсап, ынсаптылық тұрмақ. Демек, ынсапсыз адам имансыз деуге де сыйып қалады. Ынсапсыз кісі тойымсыз, қомағай келеді. Ынсап болмаған жерде ырыс пен береке тұрақтамайды. Ынсапсыздар байлыққа ғана емес, атақ пен даңққа, күпсінген бос мақтанға да құмар болады екен. Осындай қуыс кеуделер Абай айтатын бекер мал шашпаққа, ысырапшылыққа жол береді.

Қазіргі дәулеттілердің дені дүние-малды былайғы жұртқа «мен – сондаймын» деп мақтанып, атақ шығару үшін шашатын әдет тапты. Сөйтіп, ынсапсыздықтан ысырапқорлықты туындатуда. Елімізде мың-миллиондаған долларды түрлі салтанаттар мен ас пен тойды өткізуге суша ағызып, еш мән-мағынасыз жұмсап жатқанын есітіп те, көріп те жүрміз. Бұл өте қынжыларлық жағдай. Осы келеңсіз әлеуметтік құбылыстың ауқымы барған сайын асқынып барады. Әсіресе, шен-шекпенділер, байбатшалар, атақты адамдар аста-

ХАБАРЛАМА

2025 жылғы 17 наурызда сағат 11.00-де Жезқазған қаласындағы «AMANAT» партиясының ғимаратында облыс аудан, қалаларының имамдары мен ақсақалдары қатысатын форум болады. Форумда руханият мәселесі сөз болады деп күтілуде. Уақытыңыз болса, қолыңыз тисе сол жиынға келіп қатысыңыз, өз ойыңызды ортаға салыңыз!

Ұйымдастыру комитеті.

халқымыздың бір ерекшелігі жиған-тергенін той мен құдайыға шашады, ал көп жағдайларда сол кездері көптеген теріс іс-әрекеттердің орын алуына жол беріліп жатады. Тойда да, құдайыда да мақтангершілікке, бөсекелестік пен ысырапшылыққа молынан жол беріліп жататындығы өкінішті-ақ. Әрине, тойға келгенде оның жұтаң болғанын ешкімнің орны бар екендігі тағы да даусыз. Біздің тойлардағы шығындардың орны шексіз. Тойдың өз шығынын айтпағанда той кезіндегі неше түрлі шоуға кететін

жүр. Қазаққа жат қылықтарды тойда жасатып, дәстүрден шығып барады. Бұл жөнінде Ұлытау облысы әкімі Д.Рыспеков арқылы мәдениет басқармасына асабалардың Қауымдастығын құрғызу мәселесі ұсынылды.

Енді бір айтқым келетіні, тойлардағы тілек айту дәстүрінің мәжілістерде жасалатын баяндамаларға ұқсап бара жатқандығы. Бұл дегеніміз Алланың берген алтын уақытына жасалатын ысыраптың бір түрі. Кейбір құдайы астарда дастархан мәзірі тойға арналғандай жайнап тұрады. Негізі, осы

төк салтанатты тойлар өткізуге құмар келеді. Олардың көздегені – даңқ, іздегені – бақталастық пен бәсеке. «Сенген серкем сен болсаң» демекші, бұл адамдар жалпы көпшілікке парасаттылық, мәдениеттілік пен үнемшілдік үлгісін көрсетудің орнына, керісінше, жұртты жалған намысқа, көзсіз елірмеге жетелеп, жарға жығады. Қазақ «Сынықтан басқаның бәрі жұғады» деп тегін айтпаған. Ашқұрсақ жүріп, жүдесек те той жасайтын халықпыз. Бірақ, бұрынғы тойлар ойшыл тойлар болатын. Біз көрген кезіндегі тойлардың сәні мен салтанаты салт-дәстүрімізбен сабақтасып, бос дабыра мен даңғазаға жол берілмейтін. Бүгінде бізге, әсіресе, үйлену мен мерейтойлардың тағылымы мен тартымдылығы азайып бара жатқандығы айқын көрінеді. Қазіргі дәулеттілердің дені дерлік той-томалақтан басқа, қымбат көліктер, шетелден жылжымайтын мүліктер, хан сарайындай ғимарат-үйлер, тағы басқа қымбат дүние сатып алуға қап-қап ақша жұмсайды. Ақшалы азаматтарымыздың басым көпшілігінің ой - ересі, ақыл-парасаты бес күндік жалғанның арзанқол қызығынан аспай жатқаны өкінішті. Олар кергіп сөйлейді, кердеңдеп жүреді, кез келгенмен амандаспайды, қымбат көлік мінеді, ерекше киінеді, бірақ, өздері құлқынның құлына айналғанын, адами тұрғыдан азып-тозып бара жатқанын байқамайды. Осындай ойсыз ысыраптың бәрі, айналып келгенде, қазақ менталитетінің түпқазық діңі саналатын «ынсаптың» әлгіндей ағайындарда азайғанын, иә болмаса мүлдем жоқтығын көрсетеді. Қазақтың қанындағы тойшылдығы мен қонақжайлығы шамадан тыс тойшылдық пен шексіз қонақжайлыққа айналып бара жатқан сыңайлы. Бұл «үрдіс» жылдан жылға есерленіп барады. Шамамыз келсін-келмесін тыраштанып, тағы да жалған намысқа шауып, аста-төк той жасауға дайын тұрамыз. Дандайсытқан даңғой да дарақы ынсапсыздық не істетпейді? Ақшаны да шашады, елге күлкі де қылады. Бабаларымыз да кейінгі ұрпақ сіз бен бізге ысырапшылдыққа бармай, қолдағы бар ырыздық-несібе мен берекетті орнымен пайдалана білуді өсиет еткен. Абай атамыз «Ғылым таппай мақтанба» өлеңінде ысырапшылдықты ең бір жаман әдет ретінде айтқан. Демек, Алланың берген нығметінен жеп, ішіп, алайда, дәулет артқан кезде, жағдайы төмен кедейдің, жетім-жесірлерге көмек беруді еш ұмытпау қажет. Сондай-ақ, сырт көзге мақтану ниетімен қымбат киіну де ысыраптың бір түріне жатады. Сондықтан қаражатымызды, уақытымызды пайдасы тиетін жерге жұмсап, зияны тиетін жерден аулақ болуымыз керек. Тобықтай сөздің түйіні ретінде әр нәрсенің реті бар екендігін айтуға тиіспіз. Өлікті жөнелтуде болсын, той-жиын жасағанда болсын бай да, кедей де болып асып-таспайық, бауырлар! Ертеңгі күнімізді ойлайық! Жауапкершілік жүгін сезінейік! Ысыраптан сақтанайық! Үнемшіл болайық! Мұның ең алдымен өзіміз үшін қажет екендігін ұғынайық! Біз осы қасиетті ораза айында қанымызға сіңіп бара жатқан бұндай жат қылықтан тазарайық ағайын!

Мұрат ҚАЗАМБАЕВ,
Жезқазған қаласы Ардагерлер
кеңесінің төрағасы,
Жезқазған қаласының
Құрметті азаматы.

► К 80-ЛЕТИЮ ВЕЛИКОЙ ПОБЕДЫ

ПАМЯТЬ НЕ ДОЛЖНА УМЕРЕТЬ

Чем дальше от нас День Победы, тем он ближе к сердцу каждого. Нашим отцам и дедом, мамам и бабушкам, тогдашним юношам и девушкам, пришлось выдержать все тяготы войны, поднимать страну из разрухи. Это они осваивали целинные и залежные земли - в надежде на светлое будущее. Какие они?



Я знаю, я помню, ведь в числе людей того легендарного поколения мои родители – мои папа и мама. «Мы всегда должны помнить беспримерный в истории человечества подвиг наших отцов и матерей, всех ветеранов войны и тружеников тыла», - отметил Президент Казахстана Касым-Жомарт Токаев во время заседания Совета глав государств СНГ, посвященного празднованию 80-летия Победы. О представителях поколения победителей надо помнить не только в канун юбилея, а всегда, во всей нашей повседневной жизни. Этой жизнью мы обязаны им.

Мой отец - Мұқашев Мейіржан, родился 3 января 1915 года в селе «Қараағаш» ЖанаАркинского района Карагандинской области. В сентябре 1936 года, после окончания средней школы и получения специальности бухгалтера, был призван в ряды Красной Армии. А потом началась война. Как и тысячи его соотечественников, мой отец бился с немецко-фашистскими захватчиками. Воевал в составе 307-й и 121-й гвардейских стрелковых дивизий. Был командиром стрелкового взвода. После победы воевал с японскими военными. Пройдя боевой путь солдата, воина и защитника, получив два ранения, отец стал инвалидом 2 группы. Демобилизовавшись в сентябре 1946 года работал в правоохранительных органах, был управдомом, начальником отдела рабочего снабжения на станции Кзыл-Джар. После выхода на заслуженный отдых не оставался в стороне от общественной жизни, был председателем группы народного контроля Жайремского поселкового Совета народных депутатов, активно участвовал в деятельности ветеранских организаций, патриотическом воспитании молодежи. Я считаю так – мой папа сумел продлить подвиг на всю свою жизнь... Отец особо не любил рассказывать о войне. О его боевых заслугах можно было узнать в основном по орденам и медалям, полученным на войне и в послевоенное время. Ордена Отечественной войны II-й степени, медали «За боевые заслуги», «За отвагу», «За победу над Германией в Великой Отечественной войне 1941-1945 г.г.», «За трудовую доблесть» и другие значимые и па-



мятные награды хранятся у меня дома как самая великая драгоценность. А рядом – награды моей мамы, Ұлбике Құлжанбековны, она мать-Героиня, обладательница подвески «Алтын Алка». И не только эти знаки высокого отличия, а память о моих родителях, об их делах, их поступках и жизненных принципах хранится в нашей семье не на заветной полке. Мы равняемся на наших старших, обращаемся к ним, советуемся с ними. Отец учил нас не лгать и не изворачиваться, быть смелым и порядочным, любить свою Родину и защищать семью. Считал, если в тебя кидают камень, то не стоит отвечать тем же. А если совершаешь ошибку, не сожалей об этом, ведь ты получил жизненный опыт. Он никогда не поучал своих снов, любил их, как родных дочерей, и они отвечали ему тем же. Моя мама Ұлбике Құлжанбекқызы тоже была победителем. Она смогла преодолеть многочисленные трудности, при этом не озлобившись на жизнь и людей, дойти умиротворенной до своего последнего часа, до своих 90 с лишним лет. Человек труда, мама неустанно работала, предъявляла высокие требования к себе – и так обрела счастье супружества и материнства, сохранила мудрость и здравый ум. Радуюсь успехам своих 5 сыновей и 8 дочерей, 43 внуков, 94 правнуков и 3 праправнуков, она чувствовала себя счастливой матерью. Отца не стало в 1991 году, мама ушла в 2022 году. Уход

родителей – невосполнимая потеря для каждого из нас. Меня утешает только одна мысль – я сделал все возможное, чтобы заботиться о них, когда они были рядом, я строил по ним свою жизнь. И сейчас я делаю все, чтобы сохранить память о них, передать их заветы своим детям и внукам. Мои родители – настоящие герои, и они герои для меня. Я swearing по ним свою жизнь и стремлюсь к тому, чтобы и для моих детей и внуков они были образцами для подражания. Каждой семье необходимо поддерживать семейные традиции, сохраняя память о своих предках. Ведь человек, который не знает свои корни, свое происхождение, не сможет ценить настоящее. Этим настоящим мы обязаны им, поколению победителей. А кто же мы? Достойны ли мы их победы, способны ли одержать верх над недругами, над обстоятельствами, просто над нашими слабостями? Думаем ли о своей стране, стараемся ли сделать жизнь лучше? Спросите себя и ответьте честно – как потомок поколения победителей. Если мы осознаем себя не просто потомками, а наследниками наших легендарных отцов, дедов и прадедов – память о них не умрет.

Галым МУКАШЕВ,
член Союза журналистов
Казахстана, общественный
деятель, академик МАИИ
г. Астана.

► МАМАНДЫҚТЫҢ МЫҢ САН ҚЫРЫ БАР...

ДӘНЕКЕРЛЕУ МАМАНДЫҒЫНДАҒЫ ЖАҢА ӨЗГЕРІСТЕР

Соңғы жылдары дәнекерлеу технологиялары мен оның қолданылу салаларындағы өзгерістерді қарастырамыз. Бұл мамандықта бірнеше жаңалықтар мен жетілдірулер орын алып, жаңа технологиялар мен әдістердің енгізілуі еңбек өнімділігін арттыруға, өнімнің сапасын жақсартуға, сондай-ақ қауіпсіздікті қамтамасыз етуге бағытталған.

1. Жаңа технологиялардың енгізілуі

Дәнекерлеу ісінде соңғы жылдары лазерлік, аргондық дәнекерлеу, роботталған дәнекерлеу секілді жаңа технологиялар кеңінен қолданылуда. Лазерлік дәнекерлеу технологиясы жоғары дәлдік пен жылдамдықты қамтамасыз етіп, жеңіл және күрделі металл конструкцияларын біріктіруде пайдаланылады. Ал роботталған дәнекерлеу жүйелері жұмыс күшін тиімді пайдаланып, дәнекерлеудің сапасын және қауіпсіздігін арттырады.

2. Қауіпсіздік шараларының күшейтілуі

Дәнекерлеу жұмыстарының барысында қауіпсіздік ережелерінің сақталуы өте маңызды. Жаңа өзгерістер бойынша, жұмыс орындарында жану және жарылу қаупін азайту мақсатында арнайы қауіпсіздік шаралары енгізілді. Бұл шаралар жұмысшылардың денсаулығын қорғауға бағытталған.

3. Жаңа материалдармен жұмыс істеу

Дәнекерлеу ісінде жаңа материалдар мен қорытпаларды қолдану ерек-



ше маңызды. Қазіргі уақытта металл емес материалдармен (мысалы, пластиктер мен композиттер) дәнекерлеу технологиялары да дамып келеді. Бұл бағыттағы жаңалықтар жаңа нарықтар мен қолдану салаларына жол ашады.

4. Автоматтандыру және цифрландыру

Дәнекерлеу процесінің автомат-

тандырылуы мен цифрландырылуы жұмыстың тиімділігін және дәлдігін арттыруда үлкен рөл атқарады. Мұнда арнайы бағдарламалық жасақтама мен пластикалық құбырлар арқылы дәнекерлеудің сапасы мен жылдамдығы жоғарылайды, ал қателіктерді және құбырлардың тесілу ықтималдығы төмендейді.

5. Біліктілікті арттыру және мамандарды даярлау

Жаңа технологиялар мен әдістерді меңгеру үшін, дәнекерлеуші мамандардың біліктілігін арттыру маңызды. Осыған орай, көптеген білім беру мекемелері жаңа курстар мен оқыту бағдарламаларын енгізді. Бұл бағдарлама мамандарды жаңа талаптарға сай дайындауды көздейді. Сәтпаев индустриалдық колледжінде жаңа бағыттар бойынша оқыту енуде, атап айтсақ үлкен дюймді құбырларды жөндеу, жалғау жұмыстарын жүргізу. Бұл қазіргі таңда сұранысқа байланысты жаңа технологиялық әдістерді пайдалана отырып, білікті кең салалы мамандарды даярлау жол ашады.

Дәнекерлеу ісі мамандығындағы жаңашылдықтар осы саладағы жұмыс сапасын, қауіпсіздігін және тиімділігін айтарлықтай жақсартуда. Білім мен тәжірибені біріктіре отырып, бұл өзгерістерді тиімді қолдану – өндіріс деңгейін арттырудың маңызды факторы болып табылады.

Мукарама БАЙШОРИНА,
Сәтбаев индустриялық колледжінің өндірістік аға оқыту шебері.

► ЗАҢ ЖӘНЕ ҚОҒАМ

СОТ КЕҢСЕСІ ЖҰМЫСЫНЫҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

Сот – ақ пен қара таразыланатын, ақиқат айтылатын, тура төрелік жасалатын орын. Сот төрелігі қызметін атқаруды ұйымдастыруда сот кеңсесінің алатын орны ерекше.

Сот ғимаратының тазалығы мен жылу жүйесі, заманауи материалдық-техникалық жабдықталуынан бастап судьяның қолайлы жұмыс атқаруын ұйымдастыру бірінші сатылы соттарда сот кеңсесіне жүктелген.

Сотқа жүгінуші азаматтар тек сотқа талап қоюды жолдау мен сот процестеріне қатысу процесін ғана көреді. Алайда, сот процесін ұйымдастырудағы кеңсе жұмысы, яғни арыз-шағым, материалдар сот өндірісіне түскеннен бастап, судья қарауына ұсынылғанға дейінгі жұмыстар көзге көрінбей жатады.

Бүгінде аудандық және оған теңестірілген соттардың кеңселері сот әкімшісі болып өзгерді. Соған сай, сот әкімшісіне жүктелген міндет пен жауапкершілік бұрынғыдан да арта түсті.

Кіріс және шығыс хат-хабарларының үлкен айналымында хат-хабарларды қабылдау, тіркеу, есепке алу, жөнелту, сондай-ақ сот ісінің қозғалысы, оның рәсімделуі, статистикасы, сот мұрағатын қалыптастыру, жоғарғы сот органдарынан келіп түсетін бақылау тапсырмалардың уақытында және сапалы орындалуын қамтамасыз ету секілді уақыт пен қатар біліктілікті және ұқыптылық пен өз ісіне деген жауапкершілікті талап ететін жұмысты ұйымдастырып атқару да осы сот әкімшісі мамандарының еншісіндегі қызмет.

Сала мамандары судьялардың қызметін қамтамасыз етуде де маңызды рөл атқарады. Сот отыры-

сын уақытылы дұрыс ұйымдастыру, іске қатысушылардың сот отырысына уақытылы келуін қамтамасыз ету, сот отырысының хаттамасын жүргізу, сотпен қабылданған сот актілерін мерзімдерінде орындауға жолдау, аяқталған сот істерінің уақытылы кеңсеге етуін қамтамасыз ету сот отырысы хатшыларының тікелей міндеті болып табылады.

Соңғы жылдары сот саласында сот қызметін оңтайландыру, азаматтардың сотқа қолжетімділігін арттыру бағытында көптеген жұмыстар жүзеге асты. Жаңа заманауи ақпараттық технологиялар енгізіліп, сала қызметінің жұмысын едәуір жетілдірді. Ақпараттық технологиялар ең алдымен сот төрелігінің жеделдігі мен ашықтығын арттырды. Заман ағымына сай қолданысқа енгізілген «Сот кабинеті» бірыңғай сервисі, «Төрелік» ақпараттық жүйесі кез келген уақытта соттармен барынша ыңғайлы байланыс орнатуға мүмкіндік берді.

Бүгінде сала мамандары осы заманауи технологиялардың көмегімен құжаттарды қабылдау, талап-арыздар мен істерді автоматты түрде бөлу, сот талқылауы, шешімдер мен атқарушылық құжаттарды беру секілді сот қызметінің барлық бағыттарын жылдам әрі сапалы атқарып келеді.

Бекзат ҚҰДАЙБЕРГЕНҚЫЗЫ,
Сәтбаев қалалық сотының бас маманы.

► ПРАВА ЧЕЛОВЕКА

КАЗАХСТАН: НОВЫЙ ЭТАП ИНКЛЮЗИВНОГО РАЗВИТИЯ И ЗАЩИТЫ ПРАВ ЛЮДЕЙ С ИНВАЛИДНОСТЬЮ

Обеспечение прав и создание равных возможностей для людей с инвалидностью является одним из важнейших приоритетов современного общества. Казахстан, как и многие другие страны мира, активно работает над созданием инклюзивной среды, где каждый человек, независимо от своих особенностей, может реализовать свой потенциал.

7 июня 2023 года Казахстан сделал значительный шаг в защите прав людей с инвалидностью, ратифицировав Факультативный протокол к Конвенции о правах инвалидов. Это демонстрирует приверженность страны международным стандартам и стремление к созданию инклюзивной среды, в которой каждый человек может реализовать свой потенциал.

На сегодняшний день в Казахстане проживает около 732 тысяч граждан с особыми потребностями, что составляет 3,6% населения. Государство активно внедряет меры для улучшения качества их жизни и обеспечения равных возможностей.

Во всех регионах страны продолжается работа по улучшению условий для людей с инвалидностью, включая доступ к образованию, трудоустройству, медицинскому обслуживанию и социальной помощи.

В 2024 году более 96,9 тысяч заявок было обработано в рамках пилотного проекта по заочной медико-социальной экспертизе, упрощая процедуры для граждан.

Через Портал социальных услуг было предоставлено более 1,1 млн услуг, а услугами инвотакси воспользовались более 207 тысяч раз.

Расходы на социальное обеспечение ежегодно увеличиваются на 22%, составив в 2024 году 748,5 млрд тенге.

В декабре 2024 года утверждена Концепция инклюзивной политики до 2030 года, ориентированная на переход от медико-социальной модели инвалидности к социально-правозащитной. Новый подход предусматривает принятие мер для максимальной социальной интеграции лиц с инвалидностью, что создаст новые перспективы для их активного участия в жизни общества.

Национальное правозащитное учреждение и региональные представители активно работают с обращениями граждан, помогая в решении вопросов медицинской помощи, назначения инвалидности, предоставления индивидуальных помощников.

Каждое из этих достижений показывает, что Казахстан не только развивает политику равных возможностей, но и активно улучшает качество жизни людей с особыми потребностями. Продолжающиеся инициативы и конкретные примеры изменений являются ключом к построению справедливого и поддерживающего общества.

А.КАРИМОВ,
представитель
Уполномоченного по правам человека в РК по области Ылытау.



ОВЕН. Начало недели наполнит вас энергией, которая потребует направленного применения. В среду могут возникнуть неожиданные обстоятельства, требующие оперативных решений. Конец недели принесет новые знакомства, способные повлиять на карьерное развитие. Слушайте свою интуицию – она укажет верное направление.



ТЕЛЕЦ. В понедельник стоит обратить внимание на своё самочувствие и избегать перегрузок. Во вторник возможно появление финансовых перспектив, но не спешите принимать важные решения. Выходные станут идеальным временем для душевного отдыха в кругу близких.



БЛИЗНЕЦЫ. Первая половина недели благоприятна для новых проектов, но важно не разбрасываться на мелочи. Среда принесет неожиданные новости, которые могут повлиять на ваше эмоциональное состояние. В воскресенье возможны романтические сюрпризы, способные кардинально изменить личную жизнь.



РАК. Начало недели потребует повышенной внимательности к деталям в рабочих вопросах. В четверг вероятны важные разговоры, которые помогут разрешить давние недопонимания. Выходные стоит посвятить отдыху, так как эмоциональная нагрузка будет высокой.



ЛЕВ. Понедельник принесет неожиданные перемены, требующие гибкости и быстрого реагирования. В пятницу велика вероятность деловых встреч, которые принесут перспективные предложения. На выходных стоит прислушаться к внутреннему голосу – он подскажет, как поступить в сложной ситуации.



ДЕВА. Во вторник можно ожидать признания заслуг, что станет важным этапом в карьере. В среду лучше избегать излишней критики в адрес окружающих, так как это может привести к конфликтам. Воскресенье располагает к уединению, что поможет восстановить силы перед новой неделей.




ВЕСЫ. В начале недели важно сосредоточиться на планировании и расстановке приоритетов. Четверг может принести неожиданные встречи, способные изменить взгляд на привычные вещи. В выходные стоит уделить внимание личной жизни – партнер может ждать от вас инициативы.



СКОРПИОН. Понедельник потребует решительности, особенно в профессиональной сфере. В середине недели возможны финансовые поступления, но с тратами стоит быть осторожнее. Воскресенье станет временем осознания собственных потребностей и долгосрочных целей.



СТРЕЛЕЦ. Начало недели ознаменуется внутренним поиском ответов на важные вопросы. В четверг предстоит принять непростое решение, от которого будет зависеть дальнейшее развитие событий. В субботу появится шанс раскрыть творческий потенциал и вдохновиться новыми идеями.



КОЗЕРОГ. Во вторник не стоит бояться брать на себя ответственность – ваши действия принесут значимые результаты. В пятницу ожидаются интересные деловые переговоры, которые могут повлиять на карьерный рост. Выходные подойдут для отдыха в кругу семьи или путешествий.



ВОДОЛЕЙ. Понедельник поднимет вопросы, которые давно требовали внимания. В среду интуиция поможет избежать ненужных споров и найти нестандартное решение. Воскресенье подарит ощущение гармонии, если вы уделите время отдыху и приятному общению.



РЫБЫ. Начало недели пройдет в атмосфере суеты, но ближе к четвергу ситуация стабилизируется. В пятницу возможны неожиданные предложения, требующие быстрого ответа. Воскресенье стоит посвятить заботе о себе, так как накопленная усталость может дать о себе знать.

ТАЛБЕСІК

«ӘЖЕ - ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕ ҰЙЫТҚЫСЫ»

Бүгінде білім беру саласында ұлт тәрбиесіне баса назар аударылып келеді. Мектептерде республикалық «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы жүргіліуде. Соның бір бағыты – «Даналық мектебі» жобасы. «Даналық мектебі» - аға, жеңге, ата, әжелер клубы болып айына бір рет жүргізіледі.



Негізгі мақсаты- жас ұрпаққа жақсы үлгі-өнеге беру, ұлттық құндылықтарды бойларына сіңдіру. Заман ағымына қарай жас жеткіншектер өз тілін шұбарлап сөйлеп, қазақы сөздердің түп-төркінін, мағынасын түсінбей, ұлттық салт-дәстүріміздің рәсімін білмей, рухани құндылықтарға жұтанғандықтан бара жатқан кезде «Даналық мектебінің» берері көп. Мектебімізде ата-аналарды педагогикалық қолдау қызметін ұйымдастыру барысында «Әже - ұлттық тәрбие ұйытқысы» тақырыбында үлкендерден үлгі-өнеге алып, даналық сөздерін

бойларына сіңіріп, мәдениетті ұрпақ тәрбиелеу мақсатында интерактивті сабақ өтті. Әр сыныптан әжелер шақырылды. Дөңгелек үстел басында ұлттық салт-дәстүр, тәрбиеге қатысты әңгімелер айтылды. Отбасындағы әженің рөлі мен немерелеріне берер ақыл-кеңестері жайлы ой бөлісті.

Сафура ШАТЕНОВА,
Ұлытау облысы білім басқармасының Жезқазған қаласының білім бөлімінің № 1 ЖББМ бастауыш сынып мұғалімі.

Наурызонама онкүндігі



14 НАУРЫЗ

Көрісу күні – Амал мерекесі
Үлкендерге арнайы сәлем беріп, құрмет көрсету, ізгі тілек жаудыру салты

15 НАУРЫЗ

Қайырымдылық
Ігі істер дәстүрін тарату қоғамда қайырымдылық мәдениетін қалыптастыруға ықпал етеді

16 НАУРЫЗ

Шаңырақ
Сүйіспеншілік, құрмет, сенім, өзара көмек, мейірімділік, жанашырлық, анаға құрмет, ұрпақ сүю

17 НАУРЫЗ

Мәдениет және ұлттық салт-дәстүр күні
Ұлтты ұлт ететін айрықша белгілердің бірі – мәдениеті мен өнері

18 НАУРЫЗ

Ұлттық киім күні
Халық рухының шағылысын бейнелейтін ұлттық дизайнның көркемдігі мен қайталанбас өрнегі

19 НАУРЫЗ

Жаңару
Өз өмірінде және әрбір қазақстандықтың өмірінде жаңа кезеңнің басталуы

20 НАУРЫЗ

Ұлттық спорт
Мәдени мұраны сақтау, жас ұрпақтың ұлттық сана-сезімін күшейту

21 НАУРЫЗ

Ынтымақ
Наурыз мейрамы бізді ұлттық өзекеке оралтып қана қоймай, ел ішіндегі ағайын мен сырттағы бауырларды байланыстырушы көпір ретінде қызмет етеді

22 НАУРЫЗ

Жыл басы
Халқымыздың дәстүрлері мен құндылықтарына қайта оралудың символы әрі жаңа тарихи кезеңді бастауға дайындық

23 НАУРЫЗ

Тазару
Наурыз ертеден табиғат тазалығы мен адамның ішкі жан дүниесінің тазалығын сақтап, үйлесімде болуын үндейді

ҚҰРМЕТ



АРДАГЕР АНАЛАРДЫ АРДАҚТАУ

«Кешеден келдік бүгінге» деп ақын Әбділда Тәжібаев жырлағандай, бүгін – кешегінің жалғасы. Балалық шағы соғыс тұсына және одан кейінгі халық шаруашылығын қалпына келтіру жылдарына тап келген ұрпақтың балалық шағы қазіргіден мүлдем басқаша болды.

Олар мектеп табалдырығын аттамай тұрып – ақ еңбекке араласты. Жазда шөп шабуға, күзде масақ жинауға, қыста малдың қиын алып, қорасын тазалауға атсалысты.

Жазушы Әбдіжәміл Нұрпейісов бір сөзінде «Соғыс бітіп, елге келгенде көргенімнен төбе шашым тік тұрды. «Мынандай мүсәпір тірлікті көргенше соғыста жүре бергенім жақсы еді ғой» деген ойға берілдім. Күпірлік шығар, бірақ, шыным сол» деген еді. Осыдан-ақ, оқ атылып, бомба жарылып жатпады демесеңіз, тылдағы тірліктің де «шықпа жаным шықпа» деген күйде болғанын түсінуге болады. Міне, сондай қиындықты бастарынан өткерген тыл ардагерлерінің арасында ақ жаулықты әжелер де аз емес.

Мереке күндері күллі еліміздегі тәрізді Сәтбаев қаласының басшылығы да қаладағы әрбір тыл ардагері атанған аналардың шаңырақтарына арнайы барып мерекелерімен құттықтады.

Айталық, қала әкімі М.Бөрібаев Сәтбаев қаласының Құрметті азаматы, партияның XXVI сиезінің делегаты Зейнеп Әбілбекованы құттықтады.

З.Әбілбекова апай Қарсақбайдың тумасы.

–Біздің буын еңбекпен шыңдалды. Соғыс тұсында жер аударылып келген Қап тауы халқының өкілдерінің жағдайы тіпті мүшкіл болды. Әке –шешелеріміз оларға бір үзім нанын, үйдің бір бөлмесін босатып беріп, паналатты. Бәріміз бірге өстік, бір – бірімізді жатсынбадық. Қазір сол халықтың өкілдері ұлтымыздың атына әрқашан жылы лебіз білдіріп жатады. «Жақсылық жақсылық болып қайтады» деп отыратын үлкендеріміз. Солардың айтқандары келді. Сендер де қолдарыңнан келгенше халыққа, елге жақсылық жасауға ұмтылындар – деді Зейнеп апай қала басшысымен әңгіме барысында.

Қала әкімінің орынбасарлары, бөлім басшылары ардақты аналарға ыстық құттықтауға қоса арнайы сыйлықтарын тарту етті. Қарт аналарымыз өз кезегінде оларға ақ батасын беріп, елдің амандығы мен тыныштығын тілейтіндігін жеткізді.

Ай НҰР.

«Аймақ ақшамы» газетінің келесі нөмірі 28 наурызда шығады.

КЕЗДЕСУ

«АҚЫН - ЕЛДІҢ АРДАҒЫ»

Өлкеміздегі халықтың ыстық ықыласына бөленіп жүрген қаламгерлердің өрнегі мол жырларын оқуға насихаттау, олардың өнегелі өмір жолдарын өскелең ұрпаққа өнеге ретінде ұсынып, жастардың кітап оқуға құлшынысын арттыру, еліне, жеріне деген сүйіспеншіліктерін арттыру мақсатын көздеген «№3 жалпы білім беретін мектебінде» кітапханашы Гүлбану Байгенжинаның бастамасымен «Ақын-елдің ардағы» тақырыбында дөңгелек үстел ұйымдастырылды.

Дөңгелек үстелдің қонағы Сәтбаев қаласының Құрметті азаматы, ҚР ақпарат саласының үздігі Абдолла Дастанов болды. Оның өміржолы оқушыларға қысқаша бейнеслайд арқылы таныстырылды. Мектептің қазақ тілі мен әдебиетінің мұғалімі

Бағлан Оразалы кеш қонағы туралы өзінің лебізін жеткізді. А.Дастанов қойылған сұрақтарға жауап қайтарып, өзінің «Фибратты ғұмырлар» кітабын таныстырды.

Бұдан соң оқушылар Гүлназ Бейсенбай өзінің, ал, Нұрай Байтәжікова,

Мақпал Ерданбек таны-мал ақындардың өлеңдерін оқыды.

Дөңгелек үстел соңында оқушылар шақырылған қонақпен бірге естелік суретке түсті.

(Өз тілшімізден)



БАЙҚАУ

ОТБАСЫЛЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚ ДӘРІПТЕЛДІ

№30 «Балапан» балабақшасында «Өнегелі отбасы - өнерлі қыз» атты сайыс өтті. Оған тәрбиеші А.Сарина жетекшілік жасайтын «Таңшолпан» мектепалды алды даярлық тобының жеті тәрбиеленушісі қатысты.



Сайыс отбасылық құндылықтарды дәріптеуге, ата-ананың отбасындағы тәлімді тәрбиесін кеңінен насихаттауға бағытталды. Балабақша мен ата-аналар

арасындағы қарым-қатынасты нығайту жолында да аталмыш шараның маңызы зор болды. Сайысқа қатысқан бүлдіршіндер өзін-өзі таныстыру, өз өнерін көрсету, сәндік киім үлгісін көрсету, қолөнерлерін паш ету сынды кезеңдер бойынша өзара бақ сынады. Ән айтып, би билеуден алдарына жан салмаған бүлдіршіндер сурет салу, қағаздан гүл жасау сынды қолөнер бұйымдарын жасаудан да ерекшеленді. Сайыс нәтижесінде 3-орынды Х.Жұмағали, А.Рамазан иемденсе, 2-орын Р.Тұрлыбек пен З.Болатқа бұйырды. Жүлделі 1-орынды А.Нұркен мен А.Дат жеңіп алды. Бас жүлдеге А.Молдағали лайық деп танылды. Шара соңында балабақша ұжымының атынан барлық өнерлі қатысушыларға бағалы сыйлықтар мен мадақтамалар табысталды.

А.БЕКТАС.

Саяси-қоғамдық, танымдық-сараптамалық, ақпараттық-жарнамалық газет

АЙМАҚ АҚШАМЫ

Газет 2016 жылғы 18 қазанда ҚР Ақпарат және коммуникация Министрлігінде тіркеліп, №16179-г куәлігі берілген, 2021 жылғы 29 қазанда ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде қайта есепке қойылған.

Меншік иесі: «ЖК «Дастанов»

Бас редактор: Абдолла ДАСТАНОВ

Тираж 520 Заказ 424

Газет «ASU» Баспа Үйі ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр Медиа» ЖШС баспаханасында, Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4-үй, басылды. Газет тоқсанына 1 реттен кем шықпайды.

Редакцияның мекенжайы: Ұлытау облысы, Сәтбаев қаласы, Құсайынов көшесі, 8
E-mail: abdolla61@mail.ru

Индекс – 64799

Газеттің басылу сапасына баспахана жауапты.

Жарнама, хабарландырулардың нақтылығына оларды берушілер жауапты.

Мақала авторларының көзқарасы редакция ұстанымымен сәйкес келе бермеуі мүмкін.